

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Айгөлек»шағын орталығы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 04.05. – 10.05.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>			
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека №1 «Көзекті жасыр» Міндеті: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдау.	Картотека №2 «Макарон моншақтар» Міндеті: Балалар макороннан моншақ жасау.	Картотека №7 «Балықты ұста» Міндеті: балалар түсі арқылы балықтарды топтастыру	Картотека №14 Қонжықтар. Міндеті: Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыру.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан			
Таңертеңгі жағтығу	<i>Мамыр айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>			
Таңғы ас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүрмін. Қатар тұрар шеңберде, Досым көбін білемін.</i>	<i>Қол ұстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз.</i>	<i>«Кел, балалар күлейік» Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!</i>	<i>Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</i>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Өлең оқу Ж. Тұрбеков. Туған елім. Туған өлке – кең далам, Мәңгілік бақыт орнаған. Сайраңдаймыз саяңда Ерікті ұлан – біз балаң. Сұрақ – жауап. Өлең не туралы айтылған? Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз? Ой дамыту Меңгерілген білім дағдыларын естеріне түсіру. –Біз қандай мемлекетте тұрамыз? –Біздің Отанымыз не? –ҚР рәміздерін ата ? –Оларға сипаттама беру –Астанамыз қалай аталады? Біздің мемлекетте әр түрлі ұлттар тұрады. Орыс, неміс, өзбек т.б Олар бір-бірімен тату –тәтті тұрады. Ой қозғау. Отан туралы тақпақ жазтау. Мағынасын түсіндіру. Отан. Ж Әбдірашев. «Отан - атам, Отан - әкем!» Осы сөзім қате мекен?! Қате болса, Неге біздер Дейміз оны «Атамекен?!» Дид ойын: «Туған жерді гүлдендір» Шарты: Дайындалған карта бетіне гүлдер, жүрек суреттерін жақсы сөздер айтып жапсыру Балаларды мадақтау.</p>	<p>Қызығушылықты ояту. - Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма? Балалар біз бүгін Астана қаласына саяхатқа барамыз. - Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар? Ұшақпен. Ендеше өзімізге ұшақ жасап алайық. Дидактикалық ойын: «Ұшақ» Шарты: Геометриялық пішіндерден А3 форматқа ұшақ жапсыру. Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік. Әуен қойылады. Астана арман қала Бағы бір жанған қала Тұрады ол жап-жас болып Мен үлкен болғанда да. Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала Астанаға да келіп жеттік. Ендеше Астана қаласының көрікті жерлерімен танысайық. Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс. Астана қаласындағы көрікті жерлермен таныстыру. Бәйтерек туралы түсінік беру. Тосын сәт. Осы кезде жетекшінің қалта телефонына хабарлама келеді. Жетекші ашып оқиды. Балалар қараңдаршы бізге басқа топтың балалары хабарлама жіберіпті: «Амансыңдарма? Астанаға</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап Саяхатқа немен шыққан ұнайды? Автобус пен поездың айырмашылығы неде? Автобуспен саяхатты таңдау Біз ол үшін автобус жасап алуымыз керек. Дидактикалық ойын: «Саяхат автобусы» Шарты: Петр материалдан жасалған пішіндер арқылы автобусты түйме арқылы құрастыру. Саусақ моторикасын дамыту. Музыка әуені. 1.«Достық аялдмасы» -Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма? -Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар? Біздің топта өзге ұлт балалары бар ма? - Біз білетін достық ережесі қандай еді? - жолдастарыңа көмектес. -қолыңнан келген істі өзгеге үйрет. 2. «Отбасы аялдмасы» Ой дамыту Суретпен жұмыс. - Балалар отбасы деген не? - Ең алдымен отбасында не болуы керек? Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек -Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы</p>	<p>Шаттық шеңбер -Достар бері, келіңдер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. (Г.Абдрахманов) Тосын сәт. Айгүл келеді. Балалардан достар туралы білгісі келетінін айтады. Пед жет ойын: «Егер..., онда...» Допты бір балаға беріп, сөйлемді бастап айтады: -Егер досың сенен жақсы көретін ойыншығынды сұраса, ... -Егер досыңды ренжетіп қойсаң, ... -Егер досың сенімен ойнамай қойса,... Соңғы сұрақ арқылы баларды ойлануға жетелеу, әртүрлі жауаптарын тыңдау. Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс. Балаларға «Екі дос» деген әңгімесін айтып беру,мазмұны бойынша сұрақтар қою : -Әңгімеде кімдер туралы айтылған? -Неліктен достардың біреуі ағаш басына шығып кетті? -Қалай ойлайсыңдар, ол дұрыс істеді ме? -Оныңорнындасендерболсаңдар не істередіңдер. Дидактикалық ойын: «Суреттер сөйлейді» Мнемотехника тәсілі арқылы әңгімені айтуға үйрету.</p>
--	--	---	--	--

	<p>Музыка Тақырыбы: Қуыршақ Айжанмен билейміз ПедагогқуыршақАйжандыалып ортағашығады. Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, әнтыңдағысы келеді. Кәне, қуыршақ Айжанға «Бессаусақ» санамағынайтып берейікші. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортантерек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен! Қуыршақпен бірге бесік жырының даңдар, – деп ұсыныс жасайды. Музыкатың дауы: «Бесік жыры» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы) Сабырлы сипаттағы әнді тыңдап, бесік жыры бөбектерді ұйықтатын кезде айтылатынын түсіндіру. Қуыршақ Айжанды бесік жырының әуені мен ұйықтату. Балалар, енді Айжанға әнайтып берейік. Ән айту: «Қайсы екен?» (Б. Дәлденбай, А. Меңжанова) Әнді орындап, әуенін, бірінші шумағын үйрету. Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, тәрбиешінің көрсетуі мен мәтінгесә</p>	<p>жеттіңіздерме? Біз Бәйтеректі көргіміз келеді деген. Ендеше балалар біз Бәйтерек макетін құрастырып сыйлыққа апарайық Ой қозғау. Дидактикалық ойын: «Бәйтерек» Бәйтерек те қандай пішіндер бар? Төбесі неге ұқсайды? Балалардың суретті құрастыру жолдарын бақылау. Құрастыру жұмысын бағалау. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп толамыз Күнге қарай талпынып Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Орнымызды табамыз - Балалар сендер Астана туралы тақпақ білесіңдерме? Тақпақ: Астанам Ардақталды Астанам, Мәртебелі бас қалам. Көркейе бер күн сайын, Алға қарай, бас қадам. Ендеше балалар туған жерге ораламыз ба? Туған жерге оралу. Сұрақтар ілмегі - Балалар сендерге саяхат ұнады ма? - Міне біз туған жерімізге де, өз балабақшамызға оралдық. - Туған жеріміз қалай аталады? - Балабақшамыз қалай аталады? Денешынықтыру Негізгі бөлім Жалпы даму жаттығулары Б.қ.: «Торғай ұшты»</p>	<p>отбасы болуы керек. 3. «Бақыт аялдамасы» Міне, балалар соңғы аялдамаға да келіп жеттік. Яғни, біз бақыт аялдамасында тұрмыз. Біздің ата-анамыз жанымызда, қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Бекіту кезеңі: (алдын ала жүргізілген жұмыс) Бәрі бірге Бейбіт елдің ұланы, Оттай лаулап жанамыз. Бұл бақыттың ұраны, Біз бақытты баламыз. Балаларды мадақтау.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Жақсы мен жаман» Шарты: Берілген суреттен тақырыпқа байланысты жақсы мен жаман қылықтарды айырып жинау, өз ойын айту. Рефлексия - Бүгін біз не жайлы әңгімелестік? Достық қандай болу керек? Айгүл балаларға дос туралы көп үйренгенін айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.</p>
--	--	--	---	---

	<p>йкесқимылдарды жасайды. «Кәне, қызық ойын бар» – таныс әнді қайталау, бірге қосыла айтуға үйретуді жалғастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Түсті ша ашақпен би» (А. Жилинский). Шеңбер бойымен тұрып, түсті ша шақтарын көтеріп, тербеле қозғалады. Аяқұшымен жеңіл жүгіреді. Қолдарындағы шашақтарын арқаларына жасырады. Шеңберді кішірейтіп, әуенауысқанда үлкейтеді. «Жай және жылдам» ән-ойыны (Е. Хасанғалиев) Балаларға әннің мәтініне және ырғағына байланысты «жай» және «тез» шапалақтап, аяқтарын топылдату қимылдарын қайталау. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұсынады. - Қуыршақ Айжанның билегені ұнады ма? - Аяқтарын қалай топылдатады? - Тез-тез қалай қоли шапалақтайды екен? Жауаптарына ризашылығын білдіреді. Қуыршақ Айжанмен қоштасып, шығарып салады</p>	<p>1. Аяқты ашақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чик-чирик» деп айту. / 5 рет қайталау/ Б.қ.: «Мотор» 2. Аяқты ашақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. / 5 рет қайталау/ Б.қ.: «Гүлдің ашылуы» 3. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. (5-рет қайталау.) Б. қ.: «көңілді пингвин» 4. Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру. / 10-15 секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Әтеи» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Негізгі жаттығуларды орындау: 1. И мектелген жолмен (имектеліп қойған жіп) алаңның қарсы жағына өту. 2. Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру. Қолды жылдам созып жіберуге назар аудартады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көпірден еңбектеп өт». Көпірді біз саламыз, Мәшине мен адамдар, Өзеннен</p>		
--	--	--	--	--

		<i>өтсін қиналмай. Ойын ойнайтын ортаны құрастырамыз – жіптермен өзенді, гимнастикалық тақтайшаны судан өтетін көпір деп бейнелейміз. Көпірмен еңбектеп өтіп, келесі жағалауға өтуді ұсынады.</i>		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.			
Серуен	Картотека № 3 Желді бақылау	Картотека № 4 Аспанды бақылау	Картотека № 5 Бұлтты бақылау	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау
Көктем серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	<i>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</i>			
Түскі ас	<i>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</i>			
Күндізгі ұйқы	<i>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды нысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау</i>			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№2 - Керуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен. - Керуетте жатып велосипед тебу. - Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.	№4 Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	№5 "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" – қолды шапалақтау	№7 «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Тақпақ жаттау. Отан Е.Өтетілеуұлы Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер.	Санамақ Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам,	Отан Бақытты боп жүргенім Сенің арқаң, Ұлы Отан. Елім менің –тірегім,	Туған өлкем . ӨтебайТұрманжанов Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен.

<p>бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><i>Отан - ана, Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел.</i></p>	<p><i>Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде – бесеуіміз</i></p>	<p><i>Құшағында гүл атам.</i></p>	<p><i>Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем!</i></p> <p>Денешынықтыру Негізгі бөлім Жалпы даму жаттығулары Б.қ.: «Торғай ұшты» 1. Аяқты алишақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чик- чирик» деп айту. / 5 рет қайталау/ Б.қ.: «Мотор» 2. Аяқты алишақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /5 рет қайталау/ Б.қ.: «Гүлдің ашылуы» 3. Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. (5- рет қайталау.)</p> <p>Б. қ.: «көңілді пингвин» 4. Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру./10-15секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Әтеи» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Негізгі жаттығуларды орындау: 1.Имектелген жолмен</p>
--	---	--	-----------------------------------	---

				<p><i>(имектеліп қойған жіп) алаңның қарсы жағына өту. 2.Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру. Қолды жылдам созып жіберуге назар аудартады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көпірден еңбектеп өт». Көпірді біз саламыз, Мәшине мен адамдар, Өзеннен өтсін қиналмай. Ойын ойнайтын ортаны құрастырамыз – жіптермен өзенді, гимнастикалық тақтайшаны судан өтетін көпір деп бейнелейміз. Көпірмен еңбектеп өтіп, келесі жағалауға өтуді ұсынады.</i></p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Үстел үсті ойыны. Логикалық тапсырмалар. «Бөліктерін тап»Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.</p>	<p>Суретпен әңгіме «Менің Қазақстаным» Мақсаты:балалармен әңгімелесу.</p>	<p>Суретпен жұмыс «Суретші қай жыл мезгілін салды?» Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру</p>	<p>Менің Қазақстаным әңгіме жүргізу. Сұрақ – жауап.</p>
Серуенге дайындық	<p><i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i></p>			
Серуен	<p>Картотека № 3 Желді бақылау</p>	<p>Картотека № 4 Аспанды бақылау</p>	<p>Картотека № 5 Бұлтты бақылау</p>	<p>Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау</p>
<p>Таңғы серуенді бекіту.</p>				
Балалардың үйге қайтуы	<p><i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i></p>	<p><i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i></p>	<p><i>Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.</i></p>	<p><i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.</i></p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Айгөлек»шағын орталығы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 13.05 – 17.05.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<i>Саусақ ойынына арналған өлеңдер Бала, бала, балақан, Қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай, былай ойнат. қозғалтады. (қимылмен)</i>	<i>Саусақ жаттығуы: Алақан – ау алақан Ойын ойнап балақан Саусақтарды саралап Қол соғайық алақан</i>	<i>Саусақ жаттығуы: Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – апам Титтей бөбек – мен</i>
Таңертеңгі жаттығу	<i>Мамыр айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>		
Таңғы ас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Күнмен бірге тұрамыз, Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз баламыз.</i>	<i>Ертемен ақ пейілмен: «Қайырлы таң!» - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, «Кеш жарық!» - деп кіремін</i>	<i>Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!</i>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Тыныштық сәті: (Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау) <i>Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер? -Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? - жаңбыр, найзағай, жел, жапырақтардың сыбдыры т.б</i> <i>-Дұрыс айтасыңдар. Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Осы естіген дыбыстарыңды, яғни табиғат құбылыстарын құмның бетіне түсіріп көрейікші.</i> <i>Құммен сурет салу ережесін түсіндіру. құмды шашпаймыз, төкпейміз, азымызға салмаймыз.</i> Құммен сурет. Бұлт, жапырақтар, жаңбыр тамшысы т.б Тақпақ: Табиғат <i>Табиғат біздің анамыз, Жер—Ана біздің панамыз. Таза болса табиғат Біз де аман боламыз.</i> Ой қозғау. <i>«Неге біз орманмен доспыз? Ал бұл адамдарға не үшін қажет? Орман ережелерін білеміз бе?»</i> Ереже <i>Бұтақтарды сындырмаңыз және ағаш қабығын зақымдамаңыз. Орманда қоқыс қалдырмаңыз. Құстардың ұяларын бұзбаңыз. Құмырсқа илеулерін жоймаңыз. - Гүлдерді қолдарыңызбен сындырмаңыз кеме, көлік жасайды.</i> Тосын сәт. <i>Стол астынан конверт тауып алу. Тамашалу. Конвертті ашу. Ішіннен кеме суреттері шығады.</i></p>	<p>Қызығушылықты ояту Аудио дыбыс телефоннан. <i>Құрметті балалар мен сендерді өз Орманыма, орман патшалығына қонаққа шақырамын. Орман патшалығы өте бай, сұлу, мейірімді және жылулық береді. Менің сиқырлы, дана орманым Ертегілер мен гажайыптарға толы! Сендерді күтемін.!</i> <i>Балалар, сендерге ертегілер мен гажайыптар ұнай ма? (Иә.) Менімен бірге ертегі орманына барғыларың келе ме? (Иә.)</i> <i>Олай болса, пойыз билеттерін алу керек, ол үшін билеттердің сұрақтарына жауап береміз - егер сендер орман достары болсаңдар, орманда не істеуге болмайды?</i> Балалар схема бойынша ережелерді атайды. <i>-Ағаш бұтақтарын сындырмаймыз -Біз гүлдерді жұлмаймыз, бірақ оларға сүйсінеміз. -Біз бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды термейміз және оларды тамырымен жұлмаймыз. Біз шу шығара алмаймыз, жануарларды ренжіп қалады. Біз орманға пойызбен барамыз. Поезды дұрыс жөндеп алайық</i> Дидактикалық ойын: «Поезд» Шарты: Геометриялық пішіндерден үлкен көлемде поезд құрастыру. Сұрақ-жауап: <i>Қандай пішіндерден поезд құрастырды? Түстері қандай? Вагондардағы орынымызға отырамыз. Балалар. Ш-Ш-Ш-Ш Біздің пойыз шалғындарды аралап келеді, міне алдымыздан жасыл орман көрінді. (АҚТ технол) Біз Орман станциясына келдік ! Вагондардан түсейік! Енді жолмен жүреміз Біз тар жолмен келе жатырмыз , төбешіктердің арасында жылан сияқты жүріп , ағаштың үстінен секіре отырып, біз орман үйіне , сиқырлы дана орманға келдік!</i></p>	<p>Қызығушылықты ояту <i>Балалар, ол бізге қонақ келді. Кім табады? (жұмсақ ойыншық)</i> Өзі қу, жүрген жері шу. Балалар: Түлкі.. <i>Дұрыс .Бүгін бізге түлкі қонаққа келді. Түлкі: сәлем, балалар: қыздар мен ұлдар. Мен орманда тұрамын, орманда көп жүремін. Орман ағаштарымен әдемі. Сендер ағаштар туралы не білесіңдер. Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр Сендер ағашқа не бере аласыңдар білесіңдер ме? Дидактикалық ойын: «Ағашқа не керек?» <i>Шарты. Мен суреттерді ұсынамын (күн, құстар, тамшы, жер, тұқымдар, т.б.).</i> Балаларды топқа бөлу. 1-топ: -Мен ағашқа күнді беремін. Ол жарқырайды, бізді жылытады және жапырақтары жасылға айналады. <i>Ағашқа күнді жапсыру.</i> 2-топ: Мен ағашқа құс беремін. Ол ағашты құрттардан тазалайды, ән салады. құстарды ермексаздан жасап ағашқа жапсыру. 3-топ: Мен ағашқа бір тамшы су беремін. Ол ішіп, жапырақтары жайқалып үлкен болып өседі. Суды бояп, ағашқа жапсыру. 4-топ: Мен ағашқа жер – топырақ беремін, ағаш жақсы өссін, ол тамақтансын деп. Топырақтың</i></p>
--	---	---	---

Балалар мына кеме суреттерін әсемдеу керек сияқты, не істеуге болады. Бояу керек сияқты. **Кемені бояу**

Дидактикалық ойын: «Ағаш бөліктерін тап»

Шарт: Ағаш бөліктерін ретімен құрастыру.

Неліктен ағаштарға тамыр керек? (тамақ үшін)

Ағаштарды тірі деп айта аласыз ба?

Иә, өйткені ағаштар өседі, қоректенеді, тыныс алады, көбейеді - бұл олардың тірі екенін білдіреді. Оларды қорғау керек.

Дид ойын: «Ретімен жаса»

Үстелде ағаш бөліктерінің (тамыр, бұтақ, дің, жапырақтар,) аралас графикалық үлгілері бар .

Ағаштың құрылысының ретін жапсыру. Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру, көрсету.

бірінішіден тамыр шығады, ол жерде орналасады, діңі тамырдан кетеді, діңнен бұтақтар шығады, бұтақтарда жапырақтар өседі.

Ал егер ағаштар мен гүлдер сөйлей алатын болса, олар бізге мынаны айтар еді:

«Орман әлемін сақтаңдар
Бұтақтарды сындырмаңдар,
Бізге су құюды ұмытпаңдар,
Бізді баспаңдар» деп айтар еді.

Денешынықтыру

Негізгі бөлім:

Жалпы даму жаттығулары.

Б.қ.: «Тик-так»

1. Аяқтары алысқа , қолдары белде.
«Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту ,
«так» сөзін айтып басты тік ұстау,

Балалар мына жалтыраған алтын тәрізді қорап жатыр. Ішінде не бар екен қарайық.

Балаларға тапсырма диді.

1-тапсырма: Менің патшалығымның негізгі тұрғындарын атаңдар
Ал бұл тұрғындарды қалай атаймыз ? (Ағаштар .)

2-тапсырма: Менің патшалығым қалай аталады ? **(Орман.)**

Балалар шаршаған шығарсыңдар? Орман алқабына отырып , **орманның** әуенін тыңдайық.

Орман дыбыстары естіледі (құстардың сайрауы, жапырақтың дыбысы, сайдың шуы, жануарлардың дауысы) .

Ой дамыту.

Ағаштар туралы әңгіме (көрнекі үлгілерді пайдалану) .

Менің патшалығым - орман , онда ағаштар көп . Ағаш дегеніміз не ?
(Ағаш - ең үлкен өсімдік.

Оның бөліктерін ата.
(Тамыры, діңі, бұтақтары мен жапырақтары)

Қалай ойлайсың , ағаш тірі ме? (Иә.) Неге?
(Ол өседі, тыныс алады)

Ой қозғау.

Балалар, орман нелердің үйі? Жануарлар мен құстардың.

Орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?
Мына ағаш шұңқырында қандай жануар тұрады?
(Тиін)

Індерде қандай жануарлар тіршілік етеді? (түлкі, тышқан.)

Орманда қандай құстар мекендейді? (Тоқылдақ, қараторғай, көкек, үкі.)

Орман – аңдар мен құстардың мекені ғана емес, жердің жасыл көйлегі. Орманның ауасы әрқашан таза, өте әдемі, дәрілік өсімдіктер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер өседі. Орман – біздің байлығымыз!

Орман патшалығының барлық тұрғындарына сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетуіміз керек .

суретін құрастырып ағаш түбіне қою.

Біз бәріміз тұқым береміз. Олар көп болсын, өссін деп.

Тұқымды ағаш түбіне ермексаздан жасап жапсырады.

Түлкі керемет балалар сендер ағашқа қамқорлық жасауды біледі екенсіңдер.

Тағы бір ойын ойнайық.

Дидактикалық ойын: «Иә немесе Жоқ»

1. Көктемде ағаштар жапырақтары сарғая ма? (Жоқ).

2. Күзде күнді бұлт жауып тұра ма? (Иә).

3. Жәндіктер өздеріне ұя салады ма? (Жоқ).

4. Жануарлар күзде оңтүстікке ұшады ма? (Жануарлар ұшпайды).

5. Қыста егін еге ма? (Жоқ, егінді көктемде егеді)

6. Күн нұрын шаша ма? (Иә).


7. Жануарлар күнге күйе ме? (Жоқ, олар жай ғана жылынып жатыр)

Түлкі: Ал енді мен сендерді «Жел мен жапырақтар» ойынын ойнауға шақырғым келеді. Сендер жапырақтар боласыңдар, ал мен самал жел боламын. Самал жел соғады дегенде қолдарыңды жоғары көтеріп, бұлғайсыңдар, мен **Жел ұйықтап қалды** десем, жапырақтар қозғалмайды.

Қимыл-қозғалыс ойын: «Жел мен жапырақтар»

Жапырақтар, жапырақтар.
Бұтақтарда отырады
Кенет жел соқты, жел соқты олар қатты қозғалып кетті.

	<p>басты солға қисайтып қайталау. (5 рет қайталау) Б. Қ.: «Иықтың жүруі» 2. Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /5 рет / Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі» 3. Аяқтар алысқа қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет / Б.қ.: «Күнге жетемін» 4. Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд) Қорытынды: Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл- қозғалыс. Ойын түрінде негізгі қимылдарды орындау: «Саябақта»: Балаларды атын атап шақырады. 1. Түзу созылып жатқан жіптің үстімен жүру. Тепе-теңдікті сақтау – қолдарын екі жаққа созады, денесін түзу ұстайды, аяқтарын тек жіптің үстіне қояды. 2. Еденде жатқан тақтайшада төрттағандап еңбектеу. Нұсқау – тақтайша үстімен гана еңбектеу, бір-біріне кедергі келтірмеу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты шеңбер бойымен» – допты бір-бірінің қолына ұстату.</p>	<p>Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Балалар, сендер ормандағы серуенімізді естеріңе түсірулерің үшін біз оның суретін саламыз. Дид ойын: «Суретшілер» Бүгін біз орманның ағаштарын ерекше түрде саламыз. Бұл суретке біздің қолымыз қатысады, қараңыз! Сол қолымызды қағазға қойып, оны қарапайым қарындашпен дөңгелетіп саламыз, саусақтардың ішін бояймыз Балалар бұл ағашқа бірдеңе жетіспейді. Ол не деп ойлайсыңдар? (Жапырақтары.) Ендеше ағаштарға жапырақ саламыз ба ? Мақта таяқшасы арқылы жапырақтар салу. Қандай әдемі! Қандай тамаша Мен сендердің бұл суреттеріңді орман тұрғындарына беремін, Барлығыңызға балабақшаға қайтатын кез келді! Қош бол, Орман патшалығы деп тақпақ айтып берейік От та, суда, ауа да Жан-жануар барлығы Орман теңіз тауларда Табиғаттың байлығы Поездға отырып бақшамызға барамыз. Қортынды Балаларды мадақтау.</p>	<p>Түлкі жарайсыңдар балалар бүгінгі күн өте қызықты болды. Менің қайтатын уақытым болды. Түлкі, осындай қызықты ойындарың үшін рахмет. Балалар жақсы демалды. Балалар саған арнап тақпақ айтып берсін Түлкі айтты. Түлкімін Тұнып тұрған күлкімін Бұлаң - бұлаң, құйрығым Текке өтпейді бір күнім. Түлкі Балалар, сендер қандай жақсы балаларсыңдар . Рақмет сендерге Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.		
Серуен	Картотека №1 Ауа райын бақылау	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау	Картотека №16 Бұталарды бақылау.
Көктем серуен картотекасынан			

Серуеннен оралу	<p><i>Тазалық процедурасы.</i> <i>Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу</i> <i>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</i></p>		
Түскі ас	<p><i>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</i></p>		
Күндізгі ұйқы	<p><i>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау</i></p>		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Жаттығу кешені №8 <i>Ұйқыдан біз тұрамыз</i> <i>Көзімізді ашамыз</i> <i>Жан-жағымызға қарайық</i> <i>Төсектен біз тарайық</i></p>	<p>Жаттығу кешені №9 <i>Ұйқыдан біз тұрайық</i> <i>Көзімізді ашайық</i> <i>Анда-мында созылып</i> <i>Тарқасайық, тұрайық</i></p>	<p>Жаттығу кешені №10 <i>Көзімізді ашайық</i> Аунап, <i>қунап алайық,</i> <i>Самал жел бізге желпісін,</i> <i>Ұйқымызды ашайық</i></p>
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан			
Бесін ас	<p><i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i></p>		
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қар ау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Тосын сәт. <i>Қанқызының келуі</i> <i>Балалар мен достарымнан адасып қалдым маған көмек керек.</i> Дидактикалық ойын: «Қанқызының достары» Ой дамыту. <i>Үлгі көрсету.</i> <i>Ермексизден мүсіндеу жолдарын түсіндіру.</i></p>  <p><i>Балалардың өз бетінше жұмысы.</i></p>	<p>Дидактикалық ойын: «Жаңылма» Бұл бала қай бала? <i>Қарашы үстіне,</i> <i>Бір кіршік түстіме көзіңе</i> <i>Тап-таза ақ қаздай</i> <i>Киімі мұнтаздай</i> <i>Жарайсың балақай</i> <i>Дейміз біз мадақтай</i></p> <p>Салыстыру -Анау бала, Бетін қара, <i>Кір қожалақ, қап-қара</i> <i>Тырнағы өскен,</i> <i>Шашы көптен</i> <i>Алынбаспты – ау масқара</i> <i>Сұрақ – жауап</i> <i>Осындай бала болмас үшін не істеу керек?</i></p>	<p>Қызығушылықтарын ояту. Өлең оқу Ш. Смаханұлы. Доп <i>Добым менің, добым менің,</i> <i>Өзің неткен көңілді едің.</i> <i>Зымырайсың,</i> <i>қутыңдайсың,</i> <i>Бірақ менен құтылмайсың.</i> Сұрақ-жауап <i>Өлеңде не туралы айтылған?</i> Ой дамыту Доп туралы түсінік беру. -Сұрақ – жауап . <i>Доп қандай?</i> <i>-Оның пішіні қандай?</i> <i>-Доп неге ұқсайды?</i> <i>-Доп қандай қимыл жасайды?</i> <i>-Доптың түсі қандай?</i> <i>-Доп неден жасалған?</i> <i>-Біз доппен қандай ойындар ойнаймыз?</i></p>

Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету

Дид ойын:

«Күшті доптар»

Шарты: доптар көрсете отырып, сұрақ қою.

Өз беттерінше жұмыс жасау.

Денешынықтыру

Негізгі бөлім:

Жалпы даму жаттығулары.

Б.қ.: «Тик-так»

1. Аяқтары алысқа, қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту, «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (5 рет қайталау)

Б. Қ.: «Иықтың жүруі»

2. Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /5 рет /

Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»

3. Аяқтар алысқа қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет /

Б.қ.: «Күнге жетемін»

4. Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)

Қорытынды:

Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.

Бастапқы қалыпқа келу.

Негізгі қимыл- қозғалыс. Ойын түрінде негізгі қимылдарды орындау:

«Саябақта»: Балаларды атын атап шақырады.

1.Түзу созылып жатқан жіптің үстімен жүру. Тепе-теңдікті сақтау – қолдарын екі жаққа созады, денесін

			<p>түзу ұстайды, аяқтарын тек жіптің үстіне қояды.</p> <p>2.Еденде жатқан тақтайшада төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Нұсқау – тақтайша үстімен ғана еңбектеу, бір-біріне кедергі келтірмеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты шеңбер бойымен» – допты бір-бірінің қолына ұстату.</p>
Балалармен Жеке жұмыс	<p>Дидактикалық ойын: «Қандай пішін шықты»</p> <p>Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды»</p> <p>Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы біледі. айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата алады.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Бөлігін тап»</p> <p>Шарты: Қиылған бөлшектерден белгілі бір құстың суретін құрастыру</p>
Серуенге дайындық	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</p>		
Серуен	<p>Картотека №1</p> <p>Ауа райын бақылау</p>	<p>Картотека №11</p> <p>Ағаштарға бақылау жасау</p>	<p>Картотека №16</p> <p>Бұталарды бақылау.</p>
	<p>Таңғы серуенді бекіту.</p>		
Балалардың Үйге қайтуы	<p>Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес:</p> <p>«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.</p>	<p>Кеңес:</p> <p>«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Айгөлек»шағын орталығы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 20.05 – 24.05.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<i>Картотека №11 Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты:Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы өз ойын айта алады.</i>	<i>Картотека № 12 Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруді біледі.</i>	<i>Картотека № 16 Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» «Үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарларын атай алады, олардың төлдерін сурет арқылы топтастыруды біледі.</i>	<i>Картотека №15 Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың тұр-түсін, пішінін, атын атай алады.</i>	<i>Картотека № 18 Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» «Құстар біздің досымыз»Мақсаты: Балалар суреттер арқылы құстар туралы, құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді.</i>
	<i>коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан</i>				
Таңертенгі жаттығу	<i>Мамыр айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Таңғы ас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар</i>	<i>Ашық менің жүрегім Блғи күліп жүремін. Бірге ойнағ бір жүрер</i>	<i>Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған.</i>	<i>Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа,</i>	<i>Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз,</i>

	<i>Мен де соның бірiмiн, Сыйлығымды ал!</i>	<i>Достарым көп, білемiн!</i>	<i>Көзiмдi көремiн.</i>	<i>Дөгеленген шеңбердi.</i>	<i>Жан достармыз ендi бiз.</i>
Бiлiмберу ұйымының кестесi бойынша ұйымдастырылған iс-әрекет	<p><i>Қызықты амандасу. Балалар маған қолдарыңды көрсетiңдершi. Сендер қолдарыңмен шапалақтамай аласыңдар ма? Ендеше бiр-бiрiмiзге қарап шапалақтап амандасайық. Бiзге аю қонаққа келiптi ол қарным ашты дидi. Дидактикалық ойын: «Құлпынай қосылған пирогтар» Мүсiндеу. - Бәлiштер жасамас бұрын. Ең үлкен, орташа, ең кiшкентай бәлiштi көрсетiңiз. Ендi бәлiштерге толтыру үшiн құлпынай салу керек. Ең үлкен бәлiшке ең үлкен жидектердi, орта бәлiшке орташа жидектердi, кiшкентай пирогқа кiшкентай жидектердi салыңыз.</i></p>  <p>«Аюға тамақ бер» дидактикалық жаттығуы Қасықтардың көмегімен балалар аюдың күшігi түрiнде бөтелкенiң ауыз</p>	<p>«Бұршақты бұршақтарға сал» дидактикалық жаттығуы - Бұршақтарды ашып, iшiне бұршақты салыңыз. Кiшкене бұршаққа қанша бұршақ сыяды? Аз. Ал үлкен бұршаққа қанша бұршақ сыйды? Көптеген бұршақ.</p>  <p>- Жасыл пластлиннен кесектердi жұлып, одан бұршақ жасап, суретке басыңыз.</p> <p>Түйме ойыны «Тасбақа» Тасбақа әдемі қабық алатындай етiп түймелердi орналастырыңыз.</p>  <p>Дид ойын: «Ормандағы</p>	<p>Тосын сәт. Балалар бiздi айдарлы әтеш қонаққа шақырып жатыр екен барамыз ба. Қим ойын: «Пойыз» Поездбен саяхатқа қонаққа барамыз Олар «Ғажайып қоран» және айналасына түрлi түстi «қауырсындар» төселген әтеш тұрған үстелдiң жанына тоқтайды. Балалар әтешпен амандасады. Балалар, әтеш мұңайып тұр, оған бiрдеңе жетiспейтiн сияқты. Саған не болды, Әтеш? (Олар қоразды, оның әдемі жүнiн тексередi және боялмаған әтештiң құйрығына назар аударады). Әтеш сенiң көңiлсiз болып тұрғаныңды бiлдiк. Өйткенi сенде әдемі құйрық жоқ. Ал сенiң әдемі түрлi-түстi құйрығың қайда? (әтешке еңкейедi) -Ой, балалар, әтеш қауырсынынан айырылды! Иә, мiне, олар үстелде тұр, сондай әдемі, түрлi-түстi.</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Бүгiн бiз достарымызға аю мен кiрпi қонаққа барамыз. Кiрпiлер мен аюлар қайда мекендейдi? (Орманда). Оларға барғыларың келе ме? Иә, олар орманда тұрады бiзге бару үшiн күш керек, алыс жолға шықпас бұрын шынығып алайық. Сергіту сәтi. музыкамен - Бiз жол бойымен жүремiз, қонжықпен кездесемiз. Ой мында не отырған? Қонжық. Онымен амандасайықшы.! Ой, балалар, қонжықтың әдемі сандықшасына қараңдаршы, онда не бар екен? Қонжық : мен оны ағаштың түбiнен таптым, ашқым келдi, бiрақ аша алмадым, көмектесiңдершi. (балалар сандықшаны ашуға көмектеседi). Ой қозғау. -Онда не бар? (ишiкiлер). -Ал олар қандай? (әртүрлi), үлкен және кiшi. - Неше ишiкi бар? (көп) Бiреуiн алып ұстап көрейiк, тiкендi. Балалар қонжыққа алдымен үлкен</p>	<p>Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Қоян келедi. Балаларды орманға қонаққа шақырады. Балалар орманға барамыз ба? Орманға саяхат. Ал ендi көзiмiздi жұмып айналамыз.Сиқырдың күшiмен орманға келiп жеттiк Суретпен жұмыс. Қане барлығымыз мына суреттерге қарайықшы, ормандағы аңдармен танысайық. Бiрге аңдардың атын айтайық. Таныстыру, түсiнiк беру. Дид ойын: «Ненiң құйрығы» (қыстырғышпен жұмыс) (Лулия шеңберi) Дид ойын: «Аңдар не жейдi?» (қыстырғыштармен) (Лулия шеңберi) Балаларды бақылау. Аңдарға жаттығу жасап көрсетейiк. Тосын сәт. Қоянды бiреу қорқытты... Қоян дар секiрiп қорқып жүр.</p>

қуысына ботқаны құяды.
«Аю» музыкалық ән
Балалар ойыншық қонжықтарды алып, олармен ән мәтіні бойынша қимылдар жасайды.

«Аюға арналған жастық» жаттығуы

- Бала аю жақсы ұйықтау үшін оған ыңғайлы жастық жасаймыз. Балалар аюдың баланың жастығына арналған жастық қапты мақтамен толтырады.

Дидактикалық ойын: «Қонжықтың портрет» мүсіні

-Ал енді Мишутканың портретін саламыз. Қара пластилиннен балалар мұрынды мүсіндеп, суреттің дұрыс жерін басады, қоңыр пластилиннің бір бөлігін екіге бөліп, шарларға айналдырып, тегістеп, құлақтың суретіне бекітеді.



Қонжықпен жаттығу

құрылыс»
Шарты: - Геометриялық фигураларды орындарына орналастыр. Тар жолды, кең жолды көрсет. Шеңбер, сопақ және үшбұрыш қандай түсті? Жасыл түс. Шаршы мен төртбұрыштың түсі қандай? Қоңыр түс. Ағаштарға пішіндерді жапсыру және жамауды бояу. Орман алаңқайына гүлдерді мүсіндеп жапсыру.



Музыка
Тақырыбы: Көңілді би
Музыкатыңдау:«Илигай»(өңдегенБ.Далденбай)
Сабырлы әуеннің сипаты мен көңіл күйін сезініп, қызығушылықтарын арттыру.Музыкалықшыға рманы эмоциямен қабылдайды.
Бізбақыттыбаламыз,
Шырқапәнгесаламыз,— деп,әнайтудыұйымдастыр у.
Ән айту:«Бізбақыттыбаламы

Әтешке бірге көмектесейік?
Дид ойын: «Әтешке қауырсын»
- Ренжіме әтеш біз сізге қуана көмектесеміз балаларды үстелге қойылған «қауырсындарды» қарауға шақырады, түсін атау)
- Ал әтеш саған қандай қауырсын берейік? (қызыл). Педагог қызыл қауырсынды тауып, оны балаларға көрсетеді, содан кейін оны ұяшықтарға салып: Міне, әтешке қызыл қауырсын бердік балалар тапсырмаларды орындай отырып, әтешке қауырсын береді: бала кез келген «қауырсын» таңдайды, түсін атайды.
Мен әтешке сары қауырсын беремін. Тіл байлығын қалыптастыру. Барлық қауырсындарды саңылауларға кіргізгеннен кейін, балалар әдемі әтештің құйрығына таңданады.
- **Сенің құйрығың қандай әдемі, Әтеш!**
- **Өте, өте әдемі!**
- **Әтеш қуанып, көмек көрсеткеніміз үшін рахмет айтып, бізге**

шишкарларды, содан кейін кішкентайларды жинап берейік. Енді қонжықпен қоштасамыз.
-Қараңдаршы, балалар, бұлақ ағып жатыр. Біз одан қалай өте аламыз? (аттау, секіру). Ағыстың үстінен секірейік. Бәріміз бір-бірлеп секіреміз.
